

СИПАТТАМА

- A** Термостат
- B** Индикатор шамы
- C** Таймер (тек кейбір үлгілерде)
 - C1** Пайдалану уақыты
 - C2** Tic
 - C3** Көрсеткі
- D** Дөңгелектер
- E** Қуат таңдағыш

ПАЙДАЛАНУ

«Оңай дөңгелек» жүйесі бар үлгілер

Радиатордың бетіндегі сырды сырып алмас үшін, оны бір жапырақ шүберекке немесе жұмсақ нәрсеге төңкеріп қойыңыз.

Дөңгелектерді сыртқа қарай бұрау арқылы толығымен ашыңыз (1-сурет). Радиаторды тігінен қойыңыз.

Электр желісіне қосу

- Құрылғыны розеткаға енгізбес бұрын, розеткадағы қуаттың құрылғыдағы төлқұжат тақташасында көрсетілген қуатпен сәйкес екеніне және розетка қуаты түсіретін жүктің сәйкестігіне көз жеткізіңіз.

- Сонымен қатар, сақтандырғыштардың төзімділік шамасын да тексеріңіз.

РАДИАТОРДЫ ТЕК ЖЕРГЕ ҚОСЫЛҒАН РОЗЕТКАҒА ҒАНА ҚОСЫҢЫЗ.

Радиаторды полярлығы дұрыс, кіршіксіз жұмыс істейтін 230-240 В розеткаға қосу керек. Радиатордың киім-кешектерге, үй төсеніштеріне, жиһазға, тұтанғыш заттарға және қуат беретін розеткаға тиюіне жол бермеңіз.

ЖҰМЫС ІСТЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Іске қосу

Розеткаға қосыңыз. Термостатты максималды бағытына барғанша бұраңыз. Радиаторды қосқыштың/қосқыштардың көмегімен а) және б) тарауларында сипатталған процедура арқылы іске қосыңыз.

а) Жалғыз қосқышы бар үлгілер (1-қуат деңгейі)

- түйме тек "I" бағытында болғанда =

толық қуат (шам жанады)

- түйме "O" бағытында болғанда = өшірулі (шам өшірулі)

б) Екі қосқышы бар үлгілер (3-қуат деңгейі)

- түйме тек "MIN" бағытында болғанда = ең аз қуат (шам жанады)
- түйме тек "MED" бағытында болғанда = орташа қуат (шам жанады)
- түймелер "MIN" және "MED" бағыттарының екеуінде де болғанда = ең көп қуат (шамдар жанады)

Термостатты реттеу

Бөлме температурасы қажетті деңгейге жеткен кезде, термостат тетігін сағат тілі бағытына қарсы индикатор шамы сөнгенше (немесе "сырт" еткен дыбыс шыққанша) бұраңыз, бірақ одан әрі бұрамаңыз.

Одан кейін термостат бөлме температурасын автоматты түрде таңдалған деңгейде күйде сақтайды.

Қатудың алдын алу режимі

Термостат тетігі ✱ бағытында болғанда және қосқыштар басылғанда құрылғы бөлме температурасын шамамен 5°C деңгейінде ұстап тұрады және төменгі қуат деңгейін тұтыну арқылы қатудың алдын алады.

25 САҒАТТЫҚ ТАЙМЕРІ БАР ҚҰРЫЛҒЫЛАР

Қыздыру кезеңдерін орнату үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

- Сағаттағы уақытты тексеріңіз. Егер ол 10:00 болса, саны бар таймер тетігін 10 саны ▲ көрсеткісіне сәйкес келгенше бұраңыз.
- Тістерді ортаға қарай итеру арқылы құрылғыны іске қосқыңыз келген уақыт кезеңдерін орнатыңыз. Әрбір тіс 15 минутқа сай. Осы процедура барысында пайдалану кезеңдеріне қатысты бөлікті көруге болады.
- Радиатор енді әр күні белгіленген уақытта автоматты түрде жұмыс істейді (маңызды: ол әрқашан электр желісіне қосылған болуы керек).
- Бағдарламаны өзгерту үшін, тістерді

бастапқы бағыттарына қайтарып, жаңа жұмыс істеу кезеңдерін орнатыңыз.

- Құрылғыны бағдарламалаусыз пайдалану үшін, барлық тістерді ортаға қарай итеріңіз. Мұндай жағдайда, құрылғыны толық ажыратыңыз, сонымен қатар, қосқыштарды өшірулі бағытқа бұраңыз, сондай-ақ таймердің үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеу мақсатында оны розеткадан суырыңыз.

Turbo" (Турбо) қыздыру режимі

Кейбір үлгілер бөлмені жылдамырақ жылытатын желдеткіші бар. Осы функцияны іске қосу үшін, түймені  бағытына қарай басыңыз. Маңызды: Егер құрылғы ауа кіру және шығу саңылауларына шаң жиналу салдарынан шамадан тыс қызса, қауіпсіздік құрылғысы оны ажыратады. Қайта орнату үшін құрылғыны электр желісінен ажыратып, суытып қойыңыз. Ауа кіру және шығу торларын шаңсорғышпен тазалап, розеткаға қайта қосыңыз да, құрылғыны қайта іске қосыңыз.

КҮТІМ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ

Осы құрылғымен кез келген операцияны орындамас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан суырып, суытып қойыңыз. Радиатордың шаңын жұмсақ әрі дымқыл шүберекпен сүртіңіз, жуғыш химикаттарды немесе қырғыш заттарды пайдаланбаңыз. Егер радиатор біраз уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, сымды ұстағыштың айналасына орап, құрылғыны құрғақ жерде сақтаңыз. Ақаулық немесе күдік болған жағдайда, оны өзіңіз жөндеуге әрекеттенбеңіз. Бұл өрт және электр тогына түсу қаупі болуы мүмкін. Ең жақын жердегі тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз (тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтары тізімін көріңіз).

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Қуат көзінің кернеуі Мәліметтер тақтасын көріңіз

Жұтылатын қуат "

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі: "
Кернеу: "
Жиілік: "
Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия
үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Сақтау шарттары:

Ылғалдылық ауқымы < 80% және температура ауқымы + 5°C және + 45°C аралығындағы белмелер.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Құрылғы жұмыс істемейді	Құрылғы қосылмаған розеткаға	Розеткаға қосыңыз
	Розетка дұрыс жұмыс істемеуде	Розетканың жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз
	Кедергілер бар.	Кедергіні алып тастаңыз және құрылғыны салқындатып қойыңыз. Егер құрылғы жұмыс істесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз
	Орнатылған температура тым төмен	Жоғарырақ температураны орнатыңыз